

## САН ЕСІМНІҢ МӘНІ

*Жұлдыз Сайдурахман қызы Сапарова*

*Шыршық мемлекеттік педагогика университеті*

*Гуманитар пәндер факультеті*

*Қазақ тілі және әдебиеті бағытының студенті*

*Ғылыми жетекші: Гулжан Азизбековна Анарбекова*

**Аннотация:** Сан есімнің заттың санын, ретін, сандық мөлшерін, бөлшегін білдіру үшін қолданылатынын түсіндіру үшін, ішінде сан есімнен болған мүшелері бар сөйлемдер келтіріп, солардан оқушыларға сан есімдерді таптыртып, олардың заттың санын қалайша білдіріп тұрғанын сұрау керек.

**Кілтті сөздер:** Бүтін сандар мен бөлшек сандар, салыстыр, дидактиканың белгілі.

**Abstract:** In order to explain that the number noun is used to express the number, order, numerical quantity, part of the thing, it is necessary to quote sentences with members of the number noun, and ask the students to find the number nouns and how they express the quantity of the thing.

**Key words:** Whole numbers and fractional numbers, compare, known didactics.

Оқушылардың өздеріне де сан есімді келтіртіп, сөйлем ойлатып құратуға да болады. Осы әдіспен балалардың бастауыш мектепте сан есім туралы алған мәліметін қайталап, еске түсіру қажет.

Бұл сөйлемдерде кездесетін сан есімдерді талдағанда, оқушыларға олардың есептік, реттік санды, кейбіреуі жинақтық санды, қайсыбірі болжалдық санды білдіретінін айтып, сан есімнің мағынасына қарай алты түрге бөлінетінін схемамен көрсетуге болады. Бұлай ету сан есімнің түрлерін көрнекті түрде ұғуға көмектеседі.

Сан есімнің мағынасына қарай бөлінетін алты түрін жоғарыда көрсетілген схема бойынша түсіндіргеннен кейін, бұлардың әрқайсысын оқыту керек.

Есептік сан есім басқа сан есімдердің жасалуына негіз болатындықтан, сан есімнің есептік түрінен басқасын осы түрімен (есептік сан есіммен) салыстырып үйреткен жөн. Бұл белгілі арқылы белгісізді үйрету деген дидактикалық қағидаға сай келеді. Тақтаны ортасынан тік сызықпен сызып, сол жағына бірнеше есептік сан есімді жазып, ал оңжағына осылардың реттік түрлерін жазу керек, мұндай таблицаны үлкен ақ қағазға үйден әзірлеп келуге де болады. Реттік сан есім жасайтын жұрнақтарды не астын сызып, не ірілеу жазып, немесе басқа түсті

бояумен белгілеп көрсеткен жөн. Бұл — реттік сан есім жасайтын жұрнақтарды көрнекті түрде түсіндіру үшін қажет.

Есептік сан есім мен реттік сан есімді осылайша салыстырып оқытқанда, реттік сан есім есептік сан есімге- -інші, -ыншы, нші, -ншы жұрнақтарының қосылуы арқылы жасалатыны айқын көрінеді. Бұл жұрнақтардың жалғану жолдары оқушылардың өздерін ойлата отырып түсіндіріледі.

Реттік сан есім жасайтын жұрнақ есептік сан есімге қосылумен қатар орта деген сөзге де қосылып, ортаншы болып қолданылатынын да айта кету керек.

Осылайша түсіндіргеннен кейін, балаларға реттік сан есім заттың рет санын білдіру үшін қолданылып, нешінші? деген сұраққа жауап болатыны белгілі болады.

Реттік сан есімге байланысты жаттығуға төмендегі сөйлемдерді пайдалануға болады.

Сөйлемдердегі реттік сан есімдерді тауып, олардың қалай жасалып тұрғанын айтындар.

1. Мейрам бұл уақиғаны есептеп келе, 1914 жыл деп шамалады. 2. Көмірлі Қарағанды, бір жағынан, қауырт жасалып жатса, екінші жағынан, біртіндеп ескілері жойылып та жатыр. Мейрам әр өзгерісті бұлжытпай танып келеді (Ғ. Мұстафин). 3. Зейнекүл он жылдық мектептің сегізінші класында оқиды. 4. 1924 жылы жетпіс пұт шыққан қорытпаны көрдім. Уылдырығы 14 пұт шықты. Қесер басының өзі 18 пұт шықты (С. Мұқанов). 5. Жақыпбек екі саланы әңгіме етіп отыр: біршіні сала-мектеп, екінші сала— колхоз (М. Иманжанов). 6. Ол — жиырма сегізінші жылдың жазы еді (Ғ. Мүсірепов).

Жинақтық сан есімге жататын сан өте аз болғандықтан, мұның бәрін де есептік сан есіммен салыстырып ету қажет. Мысалы: Беске екінші қосса, жетеу болады. Жетіден екінші алып тастасақ, бесеу қалады деген сөйлемдерде жеті, бес деген есептік сан есімдерге -еу жұрнағы қосылып, жинақтық сан есім жасалып тұр. Оқушыларға жинақтық сан есімді осылайша түсіндіргенде, таныс арқылы таныс еместі білдіретін боламыз. Бұл әдіс дидактиканың белгілі арқылы белгісізді түсіндіру керек деген принципіне сай келеді. Жинақтық сан есімді төмендегідей түрде көрнекі етіп, есептік сан есіммен салыстырып оқытқан жөн.

Бұлайша салыстырудан мынадай қорытынды шығаруға болады:

- 1) Жинақтық сан есім бірден жетіге шейінгі есептік сан есімге –ау-еу — жұрнағы қосылу арқылы жасалады;
- 2) екі, алты, жеті деген есептік сан есімдерге — ау-еу, жұрнағы қосылғанда, бұл сан есімдердің соңғы ы, і дауысты дыбысы түсіп қалады.

Осыдан кейін жинақтық сан есімнің нешеу? деген сұраққа жауап беріп, заттың санын жинақтау үшін қолданылатыны айтылады.

Жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, жинақтық сан есімдерді табыңдар.

1. Үшеуі Үкілітастың шығысына таман Көкдолыдан асыра салынған кішкене көпір арқылы өтіп, биігіректегі омартаға өрлеген-ді. 2. Ол екеуіміз ілгері жортып кеттік. 3. От басында үш кісі отыр да, жаңтайып және біреу жатыр (Ғ. Сланов). 4. Қозылы қойбесеу болды. 5. Атадан алтау, анадан төртеу, — жалғыздық көрер жерім жоқ (Абай). 6. Төртке үшті қоссақ, жетеу болады. 7. Ат даярла: үш қонаққа үшеу, маған біреу–төртеу:.. 8. Рахмет, екі шал, Масақбай тертеуі қала берді (С. Мұқанов).

Болжалдық сан есім есептік сан есімге жұрнақтар қосылу арқылы, көптік жалғаулы сан есімнің септелуі арқылы, есептік сан есімдердің қосарлануымен де, есептік сан есімдер мен шамалы, қаралы, таяу, жақын, жуық, шақты, таман, тарта сияқты шаманы, мөлшерді бірдіретін сөздердің тіркесуі арқылы да жасалатындықтан, бұның (болжалды сан есімнің) жасалуын таблицамен көрнекі етіп түсіндіру қажет.

Бөлшектік сан есім де есептік сан есімнің негізінде жасалатынын салыстырып көрсету керек. Мысалы: бір — бір жарым, екі — үштен екісі т.б. Бөлшектік сан есім заттың бөлшегін білдіру үшін қолданылады. Бөлшектік сан есім көбінесе есептік сан есімдердің тіркесуімен жасалады. Бөлшектік сан есім жасайтын есептік сан есім мен жарым, жарты, ширек сияқты сөздердің тіркесуі былайша болады:

1) Бөлшектің алымы атауда тұрып, бөлімі шығыс септікте тұрады.

Мысалы: екіден бір, төрттен бір, бестен төрт, оннан жеті т. б.

2) Бөлшектің алымы тәуелдік жалғауда, бөлімі ілік жалғауда тұруы да мүмкін.

Мысалы: онның бірі, мыңның бірі, жүздің екісі т. б.

3) Жарты, жарым, ширегі деген сөздер есептік сан есіммен тіркескенде, есептік сан есім ілік жалғауда қолданылады да жарты, жарым, ширек сөздері тәуелдік жалғауда тұрады. Мысалы: жүздің жартысы, онның жарымы, бірдің ширегі т. б.

4) Бүтін сандар мен бөлшек сандар аралас келгенде, бүтін саннан кейін бүтін деген сөз айтылып, содан кейін бөлшек сандар келеді.

Мысалы: үш бүтін сегізден жеті, үш бүтін жетіден екі т.б. Оқушыларға бөлшектік сан есімді келтіріп сөйлем құрату керек. Бұл жаттығу жұмысын оқушыларға класта да, үйде де орындатуға болады.

Сан есімдердің құрылысына қарай дара және күрделі болып бөлінетінін де салыстыру арқылы түсіндіруге болады. Осылайша салыстырғанда, дара сан есімнің бір сөзден, ал күрделі сан есімнің ең кем дегенде екі сөзден, не онан да көп сөзден құралатыны байқалады. Сан есімнің жинақтық түрі дара сан есімге жатады. Ал сан есімнің басқа түрлері дара және күрделі болып келе береді. Мысалы: елу, жүз елу, тоғызыншы, тоқсан тоғызыншы, жиырмаалаған, жүз



жиырма лаған, ондарда, жүз ондарда, ондап, он бестеп, жүзден аса, отыз шамалы, қырық тарта т. б.

Бұған байланысты мынадай жаттығу жүргізуге болады. Сөйлемдерден сан есімдерді табыңдар да, олардың дарасын бір белек, күрделісін екінші бөлек етіп жазып, сан есімнің қай түріне жататынын айтыңдар.

1. Суыр дегеніңіз қаптап кетті. Адам аяғын салмаған жерден он бес ұя ордалы суыр апан қазып жатқанын керіп келдім.
2. Сыртқы есіктең адам аяғының тықыры естілді, үшеуі де елең ете түсті (Ғ. Мұстафин).
3. Залда жиырма шақты ғана адам қалды (Ғ. Мүсірепов).
4. Қереге жал қара айғырды жетелеп, он қой, бес ешкіні айдап, шал Шотаяқ шықты.
5. Қөп белестердің бірінде үш-төрт экскаватор көрінеді (Ғ. Мұстафин).
6. Қодардың алдында жүз қаралы жиын тұр (М. Әуезов).
7. 1955 жылы 1950 жылғымен салыстырғанда, Қазақстанда қорғасын 2,2 есе, мырыш 2,5 есе өсті.
8. Алтыншы бесжылдықта Қазақстанда мыс өндіру 1,9 есе, қорғасын 1,4 есе арттырылады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. George Yule. The Study of Language. CAMBRIDGE UNIVERSITY PRESS. 2010;
2. Ә.Төлеуов. Сөз таптары. Алматы. 2008.
3. Қазақ Энциклопедиясы, 7 том